

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ

ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ

СЕНАТА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 4,  
тел.: +7(7172) 74 72 54, 74 72 55,  
тел/факс: +7(7172) 24 29 08,  
E-mail: hat\_senat@parlam.kz

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

от \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ года

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер - Министрі  
А.Ұ МАМИНГЕ

### Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты бүгін «2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» (бұдан әрі – Келісім) Заңды қабылдады.

Келісімге енгізілген өзгеріс екі мемлекеттің шекарасын **кесіп өту орындарындағы** Қазақстан азаматтарына шекарадан өтуі үшін жарамды құжатты анықтайды. Бұл техникалық сипаттағы өзгеріс.

Ал, Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекеттік шекараны **кесіп өту орындарындағы** қалыптасып отырған қиын экономикалық - әлеуметтік мәселелер түйіні сол күйінде, шешімі табылмастан қалып отыр.

Келісімге сәйкес Қазақстан мен Ресей арасында **105 шекараны кесіп өту орындары** белгіленіп жұмыс істеуде.

Осы кесіп өту орындарының кейбірінде өте қиын, бірінші кезекте қазақстандық азаматтар, қазақ ауылдары үшін ауыр жағдай қалыптасқан.

Соның бірі, Атырау облысының Құрманғазы ауданына қарасты Азғыр өңірі. Ол облыс орталығынан 600, аудан орталығынан 300 шақырым қашықтықта орналасқан. Өңірдегі 3 ауылдық округ құрамына кіретін 9 елді мекенде тоғыз мыңнан астам адам тұрады. Облыс және аудан орталығы мен автомобиль, темір жол қатынасы жоқ, әуе байланысы да орнатылмаған.

Өңір тұрғындары осы жерден 60 шақырым болатын Ресей Федерациясының Астрахань облысына қарайтын Қарабалы ауданымен «Балқұдық – Қарабалы» шекараны кесіп өту орыны арқылы қатынасады.

Келісім бойынша тұрғындар үш тәулікке дейінгі мерзімге осы ауданға ғана бара алады. Олар өздерімен бірге жеке басының, отбасының, үй шаруашылығының және өзге де мұқтаждарына арналған тауарларды ғана әкеле немесе әкете алады. Бұл тауарлардың мөлшері бастапқы кездегі адам басына 50 кг-нан қазір 25 кг-ға дейін кеміген.

Қалыптасқан жағдайға байланысты мен Қазақстан Республикасының Үкімет Басшыларына осыған дейін екі рет депутаттық сұрау жолдаған болатынымын (05.10.2012ж., 29.01.2018ж.).

Бұнымен қоса, бірнеше рет тиісті министрліктерге хат жазып, осы салаға жауапты мемлекеттік органдар басшыларын өңірге алып барып, тұрғындармен кездесулер өткізген едім.

Бірақ, жағдай өзгеріссіз қалуда. Халық мұқтаж заттарын жол азабын тартып алты жүз шақырым жол жүріп, кейде мың шақырымнан астам жерден тасымалдауда. Экспортқа, оның ішінде көршілес Ресейде де жоғары сұранысқа ие мал өнімдерін өткізе алмай қиналуда. Шаруа қожалықтарының, шағын кәсіпкерлердің дамуына да үлкен кедергі болуда. Әкелінетін тауарлар шығыны жоғары болғандықтан оның бағалары да қымбат, ол адамдар үшін де ауыр жүк.

Келісімдегі шектеулер аса ауыр жағдайдағы адамдарды емдеуге апару кезінде де қол байлау болып тұр. Мемлекеттік жедел жәрдем автокөлігіне немесе сенім хат арқылы басқарып отырған техникалық құралмен жеткізу мүмкін емес.

Келісімдегі кедергілер Ресей кәсіпкерлері үшін де тиімсіз.

Келісім Еуразиялық Экономикалық Одақтың тауар айналымының, адамдардың жүріп тұруының еркіндігін айқындайтын басты қағидатына қайшы келеді. Ол жөнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми түсіндірмесі бар.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, аталған мәселені Сізге жеткізе отырып, оның аса маңыздылығына көңіл аударуыңызды сұраймын.

Аталған мәселе бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар басшыларына нақты тапсырма беріп, оның қысқа мерзімде шешілу жолдарын қарастыруды ұсынамын.

Сонымен бірге, осы сұраққа орай арнайы жұмыс тобын құруды және оның құрамына менің кандидатурамды енгізуді өтінемін.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сұрауды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен,

**С. Еңсегенов**

Орынд.: Қ. Ержанов  
тел.: 8-7172-74-73-87  
E-mail: [erzhanovk@parlam.kz](mailto:erzhanovk@parlam.kz)

**Келісу шешімдері**

26.09.2019 18:00:21: Еңсегенов С. Қ.(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары Комитеті) - - ескертпелерсіз келісілген

26.09.2019 18:46:10: Турецкий Н. Н.(Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетімен өзара байланыс жасау бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 09:16:16: Токсаба А. .(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 09:23:41: Агиса Б. А.(Жалпы бөлімі) - - ескертпелерсіз келісілген

27.09.2019 14:38:48: Амрин А. К.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

30.09.2019 11:06:20: Уртембаев А. К.(Сенат Аппаратының Басшылығы) - - ескертпелерсіз келісілген

**Қол қою шешімі**

30.09.2019 11:10:14 Сыдыков С. С.. Қол қойылды